

Бұланды ауданы Никольск ауылының көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Бұланды ауданы Никольск ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 25 ақпандағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 ақпанда № 7078 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 18 сәуірдегі қорытындысы негізінде, Никольск ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бұланды ауданы Никольск ауылының көшелері қайта аталсын:

- 1) Привокзальная көшесі Төле би көшесіне;
- 2) Пролетарская көшесі Ақан сері көшесіне;
- 3) МПС көшесі Достық көшесіне.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Никольск ауылдық округінің әкімі

П.Ш. Кабин